

ЕСІМ СӨЗДЕРДЕН СЫН ЕСІМ ТУДЫРУШЫ ЖҰРНАҚТАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ақатай Гүлжанат Махамбетқызы

gulzhanat_06@icloud.com

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» білім бағдарламасының 2-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан
Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,
филология магистрі Дауткулова А.К.

Есімдерден сын есім жасайтын түрлі мағыналы жұрнақтар бар. Анықтауыштық қатынасты білдіретін, сонымен қатар, зат есімдермен тіркестіретін жұрнақтарға тоқтала кетсек. Есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар сөзжасамдық қабілетіне, сөз жасау санына байланысты өнімді және өнімсіз болып бөлінеді. Зат есімнің негізгі және туынды түрлерінен мағынасына қарай белгілі бір заттың яки құбылыстың бар екенін, мол екенін, тиістілігін, арналғанын білдіру мақсатында қолданылып, анықтауыштық қатынасты береді. Қазіргі тілде есім сөз тіркестерінде -лы тұрғалы сын есімі, -лық формантты сын есімі қолданылады. -Лы, -лі қосымшасы заттың немесе құбылыстың бойында екінші заттық қасиеттің білдіреді: пайдалы, сабырлы, балалы, таулы және т.б. Сонымен қатар, қосарланған есім сөздердің екеуінің де мағынасын қарастыратын күрделі сын есім жасайды: ойлы-қырлы, таулы-қыратты, сулы-нулы, қарлы-жаңбырлы, ағалы-інілі т.б. -лы, -лі сөзжасамдық жұрнақтарын сөз қылғанда -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтары өнімділігімен, қолданысымен көзге түседі. Олар да заттың немесе бір құбылыстың барлығын, молдығын, тиесілі екендігін білдіре отырып, қосарланған есімдердің мазмұндарын қоса қарайтын жұрнақтар. Бұл жұрнақтар арқылы жасалған жасалған сөздер тілімізде бірнеше жүздің шамасына жуықтайды. Бағыныңқы құрамдас бөлік бір заттың екіншісінде бар, тиесілі, арнаулы, байланысты екенін көрсетеді: құмды шөл, желді күн, қарлы боран, шилі орман, тасты жер, бетті адам.

Өнімділігін түркі әлемінен бері сақтаған жұрнақтарға -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік сөзжасамдық жұрнақтары жатады. Н.Оралбаева, К. Құрманәлиев, Ж.Балтабаеваның “Қазақ тілінің сөзжасамы” еңбегінде сын есімнің -дық/-дік, -лы/-лі жұрнақтары арқылы жасалған туынды сын есім сөздердің көптігінен оларды толық атау да, нақты санын көрсету де мүмкін еместігі, олар өте өнімді және олар – әлі де сөзжасамдық қызметін тоқтатаған жұрнақтар екендігі айтылған. [1]. Бұл жұрнақтар зат есімдерге жалғана отырып, тілде белсенді қолданылады. Сөздің мағынасы қарай сапаны, қасиетті білдіретін туынды сын есім тұлғалары жасалады: қалалық, ауылдық, жолдастық, азаматтық т.б. Екіншіден, мезгіл, өлшеммен байланысты тең, барабарлық сөздер жасалады: жылдық, мезгілдік, айлық, күндік, тәуліктік, Өнімділігін тоқтатуға тура келсе де сөз тіркестерінде бірегей орын алатын бұл жұрнақ түрлері ХІ ғасырда жазылған М.Қашқари еңбегінде кездеседі. Ғалым -лық сөзжасамдық тұлғасының мағынасын көрсетіп, осы жұрнақпен жалғанатын сөздердің мағынасын ашқан болатын.

1. Иелік мағынасы

2. Істелген іс мағынасы

3. Мекен мағынасы

Жалпы -лық, -лығ, -лі қосымшаларын сөздердің бес түрлі мағыналық тобы осылай айқындалады:

-лық / -лік жұрнағы түркі тілдерінде көп мағыналы сөздер жасауға қатысады және олардың әрқайсысы өзіндік семантикалық реңктермен ерекшеленеді. Бірінші мағынасы – заттың өскен, орналасқан немесе соған арналған орнын білдіру. Мәселен, сөкутлук – тал өсетін жер, кәпәклік – кебек сақтайтын орын деген ұғымдарды білдіреді. Бұл қолданыстарда жұрнақ бір нәрсенің орныққан орнын немесе соған арналған кеңістікті көрсетеді.

Екінші мағынасы – белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға арналған затты атау үшін қолданылады. Мысалы, төшәклік барчын – төсектік баршын, бу йығач ол капукқа тірәклік – бұл ағаш есікке тірек ретінде дайындалған деген мағынада қолданылады.

Үшінші мағынасы – адамның мінез-құлқы мен табиғи ерекшеліктерін білдіретін сөздерде байқалады. Мысалы, кувәзлік – тәкаппарлық, йігітлік – жігіттік. Мұндай сөздер тұлғалық қасиеттерді білдіреді және тарихи деректерде жіңішке “к” дыбысы арқылы беріліп отырған.

Төртінші мағынасы – иелік ұғымын білдіреді. Біләклік ер – білекті, күшті адам, бітіклік ер – кітапты адам деген тіркестерде “біләк” және “бітік” сөздері сол адамның иесі екенін көрсетеді.

Бесіншісі – істелген немесе орындалған істі білдіретін сөздер: білік кіші ара улуклук ол – білімді адамдар арасындағы ерекшелік, төшәклік төшәк – төселінген төсек дегенді білдіреді. Бұл мағыналарда көбіне жіңішке к және г дыбыстары қолданылады

Е.Ағмановтың “Қазақ тілінің тарихи синтаксисі” еңбегінде -лығы жұрнақтарының қызметі көрсетілген.[2] Түркі тілдерінде -лығы қосымшасы сөзжасам жұрнағы қызметінен гөрі байланыстырушы қызметін көбірек атқарды. Тілдің даму барысында бұл жұрнақтың қызметін ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы жасалған матасу арқылы байланысқан тіркестер алмастырған болатын. Алайда -лық тұлғасы көпмағыналылығын жойып келе жатырғанда оған жаңа мағына қосылды. Мекендік ұғымдағы анықтауыштық қызмет оның қолданысын кері кеңейтті: атыраулық жігіт, өзенаралық мемлекет, т.б. Яғни -лығы қосымшасының байланыстырғыш қызметі қайта маңызға ие болды. Бұған себеп Октябрь революциясынан кейінгі елімізде болған үлкен өзгерістер мен адам дүниетанымының ұлғаюы. Есім сөздердің қатыстық сын есім арқылы жасалған екінші бір түріне -сыз қосымшасы арқылы байланысқа түсетін анықтауыштық тіркестер бар. Олар -лы тұлғалы сын есімдердің антонимі сияқты: синтаксистік құрылымда бірі бір заттың барын білдірсе, екінші кереғар пікірде жоқтығын білдіреді. Мысалы: ақылды – ақылсыз, көңілді – көңілсіз, т.б.

3.-Қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақтары туынды сын есім жасауда көнеден қолданылатын тәсіл түрі.Түркі тілдерінде сын есімдік икемдік, мән беруде аса кеңінен қолданылған. Түркі тілдерінде ілік септіктегі сөздерге жалғана отыра, қатыстық сын есімді есім сөз жасайды. Қазіргі қазақ тілінде де ілік септігі мен -қы, -кі тұлғаларынан құралған анықтауыштық сөз тіркестері бар. Мысал:”алдыңғы қатар”. Бұл түркі тілдеріндегі -қы, -кі тұлғаларының қызметі қазақ тіліне бөтен еместегін тағы бір дәлелдей түскендей. Тілдің даму барысында мекендік,, мезгілдік ұғымды білдіретін атауларға жалғанатын қызметі ғана қалды. Есім сөздерден және жатыс, шығыс септік формасындағы сөздерден туынды сын есім жасайтын жұрнақтар. Жалпы -қы/-кі өте универсалды жұрнақ. Олар мезгілдік, мекендік семантикамен қатар,ол ілік барыс, жатыс септік жалғауларына қосақтасып та жалғана береді. Мысалы: жоғарғы класс, ілгергі күн, т.б.

-Қы, -кі, -ғы, -гі жұрнағы арқылы жасалатын туынды сын есім мағыналары бойынша 2 топқа жіктей аламыз:

1.Мекендік ұғым білдіретін сын есімдер зат есімдерге, үстеулерге, жатыс/шығыс септік тұлғалы сөздерге жалғанып, лексикалық мағынасы алшақ емес туынды қатыстық сы есім тудырады.. Мысалы: ауызғы, төргі, түпкі, ішкі, төменгі, жоғарығы, соңғы, артқы, баладағы, кітаптағы, сөйлемдегі, орталықтағы, зауыттағы, цехтағы, үйдегі, т.с.с.

2.Мезгілдік мағына білдіретін сын есімдер мезгілге байланысты сөздерге жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.. Мысалы: кешкі, түскі, күзгі, жазғы, көктемгі, түнгі, күндізгі.

4.-Шыл, -шіл қосымшасы. Бұл қосымшалар зат есім, есімдік сөз таптарына жататын сөздерге жалғанып, белгілі бір қасиетке, іс-әрекетке бейімділікті, икемділікті, иемденуді білдіретін басқа сөз табының қатысуымен жасалатын қатыстық сын есімдерді жасайды. Мысалы: ұйқышыл, өзімшіл, ойшыл, турашыл, т.б. Бұл -шыл, -шіл жұрнағының өнімді тұсы. Сын есім уәждемеден туынды түбір жасайтын өнімсіз жұрнақ қатарында -шыл, -шіл жұрнағы

кездеседі. Түстің солғындығын білдіретін жұрнақтар: -шыл/-шіл. Мысады: ақшыл, көкшіл. Мұнда өнімді, өнімсіздігімен қоса мағыналық айырмашылық та бар екендігі байқалады

5. А. Б. Салқынбай “ Қазақ тілі. Сөздік құрам. Сөзжасам” еңбегінде -лы және -сыз жұрнақтарының (варианттарымен бірге) қарама-қарсылық мән туғызу қасиеті негізінде жасалатын мұндай туынды атаулар тілімізде мол саналатындығын көрсеткен болатын. [3]-сыз, -сіз есім сөздерден болымсыздық мағына білдіріп, туынды сын есім жасайтын өнімді жұрнақ. Оның байланыстырушы қызметі өте жақсы байқалады. Сонымен қатар -сыз жұрнағы кейбір қатыстық сын есімді тіркестерді сапалық сын есімді тіркестерге айналдырады. Қазақ тіліндегі -сыз (-сіз) жұрнағы заттың, құбылыстың немесе қасиеттің жоқтығын білдіретін сын есім тудыратын өнімді жұрнақтардың бірі болып саналады. Бұл қосымша арқылы жасалған сын есімдер мағынасы жағынан жоғарыдағы -лы, -ты, -ті, -ды, -ді жұрнақтарымен жасалған сөздерге қарама-қарсы мән береді. Мысалы, таусыз, сусыз, баласыз, ақылсыз, білімсіз деген сөздер белгілі бір нәрсенің жоқ екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл жұрнақ нақты және абстракт зат есімдерге, есімдіктерге, жалпы атау сөздерге жалғана береді. Мысалы: баласыз, кітапсыз, көліксіз, білімсіз, мұңсыз, түйсіксіз, ашусыз, ақылсыз, даусыз, сенсіз, бізсіз т.б. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған сөздер күнделікті сөйлеу тілінде де, жазба тілде де жиі қолданылады.

6. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде -дай (-дей, -тай, -тей) жұрнағы — салыстыру, ұқсату мағыналарын білдіретін өнімді құралдардың бірі. Сын есім, үстеу туғызатын мағынасын анық ажыратылып көрсетіледі. Бұл жұрнақтың қызметі тек сын есім тудырумен шектелмей, түрлі лексикалық бірліктерге жалғанып, туынды үстеулер мен өзге де сөздер жасайды. Оның сөзжасамдық әлеуеті аса кең, себебі ол әртүрлі сөз таптарына жалғану арқылы жаңа лексикалық мағына туғызады.

1. Зат есімдер негізінде жасалған туынды сөздер -дей жұрнағы зат есімдерге жалғанып, салыстыру, ұқсату мәніндегі туынды үстеулер мен сын есімдерді жасайды. Мысалы: аттай, әкедей, таудай, үйдей, судай, кісідей, самолёттей және т.б. Сонымен қатар -тай, -дай, -дей жұрнақтары арқылы мезгіл үстеулері жасалады. Мысалы: жаздай, бұрынғыдай, т.б.

Сын үстеулерінің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуында да -дай, -дей аса бір өнімді болмаса да қызмет атқарады. Мысалы: аңдай, ойлай, солай.

2. Есімдіктер негізінде жасалуы

Есімдіктерге жалғанған жағдайда да бұл жұрнақ ұқсастық, салыстыру, жуықтық мағынасындағы жаңа сөздер жасайды. Мысалдар: мендей, сендей, ондай, біздей, өздеріндей, анадай, мынадай.

3. Сан есімдер негізінде жасалуы

Сан есімдерге жалғанып, жуық шаманы, мөлшерді білдіретін жаңа туындылар жасайды. Мысалы: жүздей, мыңдай, елудей, қырықтай, отыздай.

4. Есімше тұлғаларына жалғануы

Есімшенің түрлі формаларына жалғанып, әрекетке ұқсастық, , шарттық, болжалдық мағына үстейтін сөздер жасалады. Мысалы: жабысқандай, болжағандай, жылардай, елердей, баратындай, оқытындай.

7. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес -лас / -лес жұрнағының қызметі мен мағынасы

Қазақ тіліндегі -лас / -лес (-да + с) жұрнағы — құрамды қосымша ретінде екі морфемадан тұрады. Бұл жұрнақтың құрамындағы компоненттер кейде жекелене көрініп, шектен тыс күрделі жұрнақтар қатарына жатқызылса, кей жағдайда бөлшектенбейтін біртұтас форма ретінде қолданылады. Мысалы, аралас, қабырғалас, сыйлас, ұғыныс сөздерінде бұл қосымша күрделі жұрнақ ретінде қарастырылады. Ал құрбылас, дәмдес, пікірлес, елдес, мұндас сияқты сөздерде -лас (-лес) құрамын ішкі жағынан бөліп көрсетуге келмейді. Бұл омоним жұрнақтың есім сөз табына әлде етістік сөз табына тән екенін сөйлем ішіндегі (контексте) қолданылу орнына қара, мәнін, мағынасын анықтауға болады. Мысалы, “Бір ананың егізіндей екеуіміз жүк жазбадық, тату болдық, сырластық” деген сөйлемдегі

сырластық сөзі – етістік, өткен шақта тұр. Ал “сырлас” түрінде келгенде, ол зат есім қызметінде жұмсалады.

-лас / -лес жұрнағы арқылы жасалған сөздер өз мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

1.Адамның түрлі мінездері, қасиетіне байланысты сөздер. Олар басқа адамдармен араласу, түсінісу сияқты қарым-қатынасты білдіреді: ниеттес, сырлас, тілеулес, пікірлес, көңілдес, қабырғалас, ақылдас.

2.Төркін-тек, туыстық қатынасты білдіретін сөздер. Олар адам мен жан-жануарлардың тегін, шыққан ортасын білдіреді: туыстас, аталас, тумалас, бауырлас, қандас.

3.Мекенге байланысты жасалған сын есімдер. Олар мекен-жай, қоныс, орналасу жағынан жақындықты білдіреді: ауылдас, көршілес, жерлес, елдес, тумалас, жапсарлас, іргелес.

4. Қарым-қатынас пен ортақ іс-әрекетке қатысты сөздер. Бұл топта белгілі бір жағдайда, қызметте, уақытта, мақсатта бірлескендікті білдіретін сөздер бар: жолдас, замандас, қызметтес, мәжілістес, дәмдес, істес, өкілеттес т.б. Сөзжасамдық тұрғыда бұл жұрнақтар туынды етістік не сын есім тудырушы қызмет атқарады. Яғни, -та / -те жұрнағы етістік мағына туғызса, -с морфемасы оған ортақтық мән үстеп, бірлесе әрекет етуді білдіретін сөздер жасайды. Айта кетерлік бір жайт — бұл жұрнақтар ажырамас бірлікте қарастырылады. Себебі, оларды жеке бөліп қарау туынды сөздің мағынасына нұқсан келтіреді. Сондықтан ғалым А. Ысқақов мұндай тұлғаларды құранды жұрнақтар деп атаған.[4]

-лас//-лес, -дас//-дес, -тас//-тес жұрнақтарының сөзжасамдық ерекшелігі

Бұл форманттар сөзжасамда негізінен сын есім тудырушы өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Олар арқылы тілімізде көптеген туынды сын есімдер жасалған. Алайда кейбір сөздер (жолдас, қарындас, күндес, замандас, ұялас) тарихи дамуда субстантивтеніп, зат есімге айналған. Кеңес дәуірінде, орыс тілінің ықпалымен, осы жұрнақтар арқылы жерлес, әріптес, отандас, қаламдас, армандас тәрізді жаңа сөздер қалыптасты. Бұл сөздер сын есім тектес болғанымен, бірден зат есім ретінде қолданылып, терминдік мәнге ие болды.

8.-шаң / -шең жұрнағы

Бұл жұрнақ түркі тілдерінде кең тараған, оның -чан, -чэн, -чен, -иан, -жаң, -жан, -жен тәрізді дыбыстық варианттары кездеседі. Кейбір түркологтар бұл формантты қытай тіліндегі «шебер (мастер)» мағынасын білдіретін чан сөзімен байланыстырады. Басқа зерттеушілер оның мағынасы мен қолданылуы қытай тіліндегі сязэ семасымен үндес екенін айтып, бұл мәселені әлі де тарихи-лингвистикалық деректер негізінде тереңірек зерттеу қажеттігін көрсетеді. Жұрнақтың ең көнесі — -чот / -т тұлғасы. Ол -чаг / -чак жұрнағының бір түрі ретінде де сипатталады. Қазақ тілінің батыс говорында -н дыбысының -ң-ға айналуы да осы жұрнақтың қалыптасуына әсер еткен болуы мүмкін.

Қазақ тілінде -шаң / -шең жұрнағы көбіне есім негізге жалғанып барып, адамның жеке болмысына қатысты туынды сын есімдер жасайды. Мұндай сөздер саны шектеулі, санаулы ғана. Мысалы: бойшаң, сөзшең, тершен, ашушаң сияқты сөздер адамның бойындағы ішкі немесе сыртқы қасиеттерін білдіреді. Сонымен қатар, бұл жұрнақ көбінесе қасиеттің, белгінің молдығын, яғни мөлшерлік семаны білдіреді. Мысалы: сөзшең, ашушаң, бойшаң, өміршең. Кей жағдайларда бұл жұрнақ киім-кешек атауларына жалғанып, адамның сыртқы бейнесін білдіретін сын есімдер де жасайды. Мысалы: көйлекшең, етікшең, пальтошаң деген сөздер адам киімі арқылы оның бейнесін сипаттайды. Бұрын бұл жұрнақтың бірнеше түрлі фонетикалық нұсқалары қолданылғанымен, қазіргі қазақ тілінде тек бір ғана нұсқасы — -шаң / -шең сақталған. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есімдердің мазмұны әрдайым біркелкі емес, кейбірі сыртқы бейнені, ал кейбірі ішкі мінезді білдіреді. Есімдерден сын есім жасайтын түрлі мағыналы жұрнақтар бар. Анықтауыштық қатынасты білдіретін, сонымен қатар, зат есімдердермен тіркестіретін жұрнақтарға тоқтала кетсек. Есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар сөзжасамдық қабілетіне, сөз жасау санына байланысты өнімді және өнімсіз болып бөлінеді.

Өнімділігін түркі әлемінен бері сақтаған жұрнақтарға -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік сөзжасамдық жұрнақтары жатады. Зат есімдерге жалғана отырып, тілде белсенді қолданылады. Сөздің мағынасы қарай сапаны, қасиетті білдіретін туынды сын есім тұлғалары жасалады: қалалық, ауылдық, жолдастық, азаматтық т.б. Екіншіден, мезгіл, өлшеммен байланысты тең, барабарлық сөздер жасалады: жылдық, мезгілдік, айлық, күндік, тәуліктік, Өнімділігін тоқтатуға тура келсе де сөз тіркестерінде бірегей орын алатын бұл жұрнақ түрлері XI ғасырда жазылған М.Қашқари еңбегінде кездеседі. Ғалым -лық сөзжасамдық тұлғасының мағынасын көрсетіп, осы жұрнақпен жалғанатын сөздердің мағынасын ашқан болатын. [5]

1. Иелік мағынасы

2. Істелген іс мағынасы

3. Мекен мағынасы

Жалпы -лық, -лығ, -лі қосымшаларын сөздердің бес түрлі мағыналық тобы осылай айқындалады:

-лық / -лік жұрнағы түркі тілдерінде көп мағыналы сөздер жасауға қатысады және олардың әрқайсысы өзіндік семантикалық реңктермен ерекшеленеді. Бірінші мағынасы – заттың өскен, орналасқан немесе соған арналған орнын білдіру. Мәселен, сөкутлук – тал өсетін жер, кәпәклік – кебек сақтайтын орын деген ұғымдарды білдіреді. Бұл қолданыстарда жұрнақ бір нәрсенің орныққан орнын немесе соған арналған кеңістікті көрсетеді.

Екінші мағынасы – белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға арналған затты атау үшін қолданылады. Мысалы, төшәклік барчын – төсектік баршын, бу йығач ол капуққа тірәклік – бұл ағаш есікке тірек ретінде дайындалған деген мағынада қолданылады.

Үшінші мағынасы – адамның мінез-құлқы мен табиғи ерекшеліктерін білдіретін сөздерде байқалады. Мысалы, кувәзлік – тәкаппарлық, йігітлік – жігіттік. Мұндай сөздер тұлғалық қасиеттерді білдіреді және тарихи деректерде жіңішке “к” дыбысы арқылы беріліп отырған.

Төртінші мағынасы – иелік ұғымын білдіреді. Біләклік ер – білекті, күшті адам, бітіклік ер – кітапты адам деген тіркестерде “біләк” және “бітік” сөздері сол адамның иесі екенін көрсетеді.

Бесіншісі – істелген немесе орындалған істі білдіретін сөздер: білік кіші ара улуклук ол – білімді адамдар арасындағы ерекшелік, төшәклік төшәк – төселінген төсек дегенді білдіреді. Бұл мағыналарда көбіне жіңішке к және г дыбыстары қолданылады

Түркі тілдерінде -лығ қосымшасы сөзжасам жұрнағы қызметінен гөрі байланыстырушы қызметін көбірек атқарды. Тілдің даму барысында бұл жұрнақтың қызметін ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы жасалған матасу арқылы байланысқан тіркестер алмастырған болатын. Алайда -лық тұлғасы көпмағыналылығын жойып келе жатырғанда оған жаңа мағына қосылды. Мекендік ұғымдағы анықтауыштық қызмет оның қолданысын кері кеңейтті: атыраулық жігіт, өзенаралық мемлекет, т.б. Яғни -лық қосымшасының байланыстырғыш қызметі қайта маңызға ие болды. Бұған себеп Октябрь революциясынан кейінгі елімізде болған үлкен өзгерістер мен адам дүниетанымының ұлғаюы. Есім сөздердің қатыстық сын есім арқылы жасалған екінші бір түріне -сыз қосымшасы арқылы байланысқа түсетін анықтауыштық тіркестер бар. Олар -лы тұлғалы сын есімдердің антонимі сияқты: синтаксистік құрылымда бірі бір заттың барын білдірсе, екінші кереғар пікірде жоқтығын білдіреді. Мысалы: ақылды – ақылсыз, көңілді – көңілсіз, т.б.

3.-Қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақтары туынды сын есім жасауда көнеден қолданылатын тәсіл түрі. Түркі тілдерінде сын есімдік икемдік, мән беруде аса кеңінен қолданылған. Түркі тілдерінде ілік септіктегі сөздерге жалғана отыра, қатыстық сын есімді есім сөз жасайды. Қазіргі қазақ тілінде де ілік септігі мен -қы, -кі тұлғаларынан құралған анықтауыштық сөз тіркестері бар. Мысал: “алдыңғы қатар”. Бұл түркі тілдеріндегі -қы, -кі тұлғаларының қызметі қазақ тіліне бөтен еместегін тағы бір дәлелдей түскендей. Тілдің даму барысында мекендік,, мезгілдік ұғымды білдіретін атауларға жалғанатын қызметі ғана қалды. Есім сөздерден және жатыс, шығыс септік формасындағы сөздерден туынды сын есім жасайтын жұрнақтар. Жалпы

-қы/-кі өте универсалды жұрнақ. Олар мезгілдік, мекендік семантикамен қатар, ол ілік барыс, жатыс септік жалғауларына қосақтасып та жалғана береді. Мысалы: жоғарғы класс, ілгергі күн, т.б.--Қы, -кі, -ғы, -гі жұрнағы арқылы жасалатын туынды сын есім мағыналары бойынша 2 топқа жіктей аламыз:

1. Мекендік ұғым білдіретін сын есімдер зат есімдерге, үстеулерге, жатыс/шығыс септік тұлғалы сөздерге жалғанып, лексикалық мағынасы алшақ емес туынды қатыстық сы есім тудырады.. Мысалы: ауызғы, төргі, түпкі, ішкі, төменгі, жоғарығы, соңғы, артқы, баладағы, кітаптағы, сөйлемдегі, орталықтағы, зауыттағы, цехтағы, үйдегі, т.с.с.

2. Мезгілдік мағына білдіретін сын есімдер мезгілге байланысты сөздерге жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.. Мысалы: кешкі, түскі, күзгі, жазғы, көктемгі, түнгі, күндізгі.

4. -Шыл, -шіл қосымшасы. Бұл қосымшалар зат есім, есімдік сөз таптарына жататын сөздерге жалғанып, белгілі бір қасиетке, іс-әрекетке бейімділікті, икемділікті, иемденуді білдіретін басқа сөз табының қатысуымен жасалатын қатыстық сын есімдерді жасайды. Мысалы: ұйқышыл, өзімшіл, ойшыл, турашыл, т.б. Бұл -шыл, -шіл жұрнағының өнімді тұсы. Сын есім уәждемеден туынды түбір жасайтын өнімсіз жұрнақ қатарында -шыл, -шіл жұрнағы кездеседі. Түстің солғындығын білдіретін жұрнақтар: -шыл/-шіл. Мысалы: ақшыл, көкшіл. Мұнда өнімді, өнімсіздігімен қоса мағыналық айырмашылық та бар екендігі байқалады

5. -сыз, -сіз есім сөздерден болымсыздық мағына білдіріп, туынды сын есім жасайтын өнімді жұрнақ. Оның байланыстырушы қызметі өте жақсы байқалады. Сонымен қатар -сыз жұрнағы кейбір қатыстық сын есімді тіркестерді сапалық сын есімді тіркестерге айналдырады. Қазақ тіліндегі -сыз (-сіз) жұрнағы заттың, құбылыстың немесе қасиеттің жоқтығын білдіретін сын есім тудыратын өнімді жұрнақтардың бірі болып саналады. Бұл қосымша арқылы жасалған сын есімдер мағынасы жағынан жоғарыдағы -лы, -ты, -ті, -ды, -ді жұрнақтарымен жасалған сөздерге қарама-қарсы мән береді. Мысалы, таусыз, сусыз, баласыз, ақылсыз, білімсіз деген сөздер белгілі бір нәрсенің жоқ екенін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл жұрнақ нақты және абстракт зат есімдерге, есімдіктерге, жалпы атау сөздерге жалғана береді. Мысалы: баласыз, кітапсыз, көліксіз, білімсіз, мұңсыз, түйсіксіз, ашусыз, ақылсыз, даусыз, сенсіз, бізсіз т.б. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған сөздер күнделікті сөйлеу тілінде де, жазба тілде де жиі қолданылады.

6. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде -дай (-дей, -тай, -тей) жұрнағы — салыстыру, ұқсату мағыналарын білдіретін өнімді құралдардың бірі. Сын есім, үстеу туғызатын мағынасы анық ажыратылып көрсетіледі. Бұл жұрнақтың қызметі тек сын есім тудырумен шектелмей, түрлі лексикалық бірліктерге жалғанып, туынды үстеулер мен өзге де сөздер жасайды. Оның сөзжасамдық әлеуеті аса кең, себебі ол әртүрлі сөз таптарына жалғану арқылы жаңа лексикалық мағына туғызады.

1. Зат есімдер негізінде жасалған туынды сөздер -дей жұрнағы зат есімдерге жалғанып, салыстыру, ұқсату мәніндегі туынды үстеулер мен сын есімдерді жасайды. Мысалы: аттай, әкедей, таудай, үйдей, судай, кісідей, самолёттей және т.б. Сонымен қатар -тай, -дай, -дей жұрнақтары арқылы мезгіл үстеулері жасалады. Мысалы: жаздай, бұрынғыдай, т.б.

Сын үстеулерінің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуында да -дай, -дей аса бір өнімді болмаса да қызмет атқарады. Мысалы: аңдай, ойлай, солай.

2. Есімдіктер негізінде жасалуы

Есімдіктерге жалғанған жағдайда да бұл жұрнақ ұқсастық, салыстыру, жуықтық мағынасындағы жаңа сөздер жасайды. Мысалдар: мендей, сендей, ондай, біздей, өздеріңдей, анадай, мынадай.

3. Сан есімдер негізінде жасалуы

Сан есімдерге жалғанып, жуық шаманы, мөлшерді білдіретін жаңа туындылар жасайды. Мысалы: жүздей, мыңдай, елудей, қырықтай, отыздай.

4. Есімше тұлғаларына жалғануы

Есімшенің түрлі формаларына жалғанып, әрекетке ұқсастық, , шарттық, болжалдық мағына үстейтін сөздер жасалады. Мысалы: жабысқандай, болжағандай, жылардай, елердей, баратындай, оқытындай.

7. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес -лас / -лес жұрнағының қызметі мен мағынасы

Қазақ тіліндегі -лас / -лес (-да + с) жұрнағы — құрамды қосымша ретінде екі морфемадан тұрады. Бұл жұрнақтың құрамындағы компоненттер кейде жекелене көрініп, шектен тыс күрделі жұрнақтар қатарына жатқызылса, кей жағдайда бөлшектенбейтін біртұтас форма ретінде қолданылады. Мысалы, аралас, қабырғалас, сыйлас, ұғыныс сөздерінде бұл қосымша күрделі жұрнақ ретінде қарастырылады. Ал құрбылас, дәмдес, пікірлес, елдес, мұндас сияқты сөздерде -лас (-лес) құрамын ішкі жағынан бөліп көрсетуге келмейді. Бұл омоним жұрнақтың есім сөз табына әлде етістік сөз табына тән екенін сөйлем ішіндегі (контексте) қолданылу орнына қара, мәнін, мағынасын анықтауға болады. Мысалы, “Бір ананың егізіндей екеуміз жүк жазбадық, тату болдық, сырластық” деген сөйлемдегі сырластық сөзі – етістік, өткен шақта тұр. Ал “сырлас” түрінде келгенде, ол зат есім қызметінде жұмсалады.

-лас / -лес жұрнағы арқылы жасалған сөздер өз мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

- 1.Адамның түрлі мінездері, қасиетіне байланысты сөздер. Олар басқа адамдармен араласу, түсінісу сияқты қарым-қатынасты білдіреді: ниеттес, сырлас, тілеулес, пікірлес, көңілдес, қабырғалас, ақылдас.
- 2.Төркін-тек, туыстық қатынасты білдіретін сөздер. Олар адам мен жан-жануарлардың тегін, шыққан ортасын білдіреді: туыстас, аталас, тумалас, бауырлас, қандас.
- 3.Мекенге байланысты жасалған сын есімдер. Олар мекен-жай, қоныс, орналасу жағынан жақындықты білдіреді: ауылдас, көршілес, жерлес, елдес, тумалас, жапсарлас, іргелес.
4. Қарым-қатынас пен ортақ іс-әрекетке қатысты сөздер. Бұл топта белгілі бір жағдайда, қызметте, уақытта, мақсатта бірлескендікті білдіретін сөздер бар: жолдас, замандас, қызметтес, мәжілістес, дәмдес, істес, өкілеттес т.б.

Сөзжасамдық тұрғыда бұл жұрнақтар туынды етістік не сын есім тудырушы қызмет атқарады. Яғни, -та / -те жұрнағы етістік мағына туғызса, -с морфемасы оған ортақтық мән үстеп, бірлесе әрекет етуді білдіретін сөздер жасайды. Айта кетерлік бір жайт — бұл жұрнақтар ажырамас бірлікте қарастырылады. Себебі, оларды жеке бөліп қарау туынды сөздің мағынасына нұқсан келтіреді. Сондықтан ғалым А. Ысқақов мұндай тұлғаларды құранды жұрнақтар деп атаған.

-лас//-лес, -дас//-дес, -тас//-тес жұрнақтарының сөзжасамдық ерекшелігі

Бұл форманттар сөзжасамда негізінен сын есім тудырушы өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Олар арқылы тілімізде көптеген туынды сын есімдер жасалған. Алайда кейбір сөздер (жолдас, қарындас, күндес, замандас, ұялас) тарихи дамуда субстантивтеніп, зат есімге айналған. Кеңес дәуірінде, орыс тілінің ықпалымен, осы жұрнақтар арқылы жерлес, әріптес, отандас, қаламдас, армандас тәрізді жаңа сөздер қалыптасты. Бұл сөздер сын есім тектес болғанымен, бірден зат есім ретінде қолданылып, терминдік мәнге ие болды.

Қазақ тілінде -шаң / -шең жұрнағы көбіне есім негізге жалғанып барып, адамның жеке болмысына қатысты туынды сын есімдер жасайды. [6] Мұндай сөздер саны шектеулі, санаулы ғана. Мысалы: бойшаң, сөзшең, тершең, ашушаң сияқты сөздер адамның бойындағы ішкі немесе сыртқы қасиеттерін білдіреді. Сонымен қатар, бұл жұрнақ көбінесе қасиеттің, белгінің молдығын, яғни мөлшерлік семаны білдіреді. Мысалы: сөзшең, ашушаң, бойшаң, өміршең. Кей жағдайларда бұл жұрнақ киім-кешек атауларына жалғанып, адамның сыртқы бейнесін білдіретін сын есімдер де жасайды. Мысалы: көйлекшең, етікшең, пальтошаң деген сөздер адам киімі арқылы оның бейнесін сипаттайды. Бұрын бұл жұрнақтың бірнеше түрлі фонетикалық нұсқалары қолданылғанымен, қазіргі қазақ тілінде тек бір ғана нұсқасы -шаң / -шең сақталған. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есімдердің мазмұны әрдайым біркелкі емес, кейбірі сыртқы бейнені, ал кейбірі ішкі мінезді білдіреді.

Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде маңызды рөл атқарады. Бұл жұрнақтар арқылы зат есімдердің бойындағы әртүрлі қасиеттер, белгілер, тиістілік пен молдық мәндері нақты көрсетіледі. Олар өнімділік деңгейіне қарай өнімді және өнімсіз болып екіге бөлінеді. Өнімді жұрнақтар (-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -лық, -лік, -сыз, -сіз, -дай, -дей, -лас, -лес, -қы, -кі, -ғы, -гі) күнделікті сөйлеуде және жазба тілде жиі қолданылады. Ал өнімсіз жұрнақтар (-шыл, -шіл, -шаң, -шең) тілде сирек кездесіп, шектеулі сөздерді жасайды. Бұл жұрнақтар есімдерден туынды сын есім жасай отырып, заттың мекендік, мезгілдік, салыстырмалы, иелік, ортақтық мағыналарын білдіреді. Қосарланған сөздер арқылы күрделі сын есімдер де жасалады. Жұрнақтардың қолданылу ерекшеліктерін білу сөзжасам жүйесін дұрыс түсінуге көмектеседі.

Қазақ тілінде есім сөздерден сын есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар да маңызды орын алады. Бұл жұрнақтар көп сөз жасамайды, қолданысы шектеулі болғандықтан өнімсіз деп саналады. Мәселен, -ыл, -іл, -л, -ал, -ел жұрнақтары қазіргі тілде сирек кездесіп, көбінесе көнерген сөздер құрамында ғана сақталған. Сондай-ақ, белгілі бір іс-әрекетке душар болуды көрсететін -дар, -дер, -тар, -тер жұрнақтары (мысалы: қарыздар, хабардар), іс-әрекетке бейімділікті, қабілетті білдіретін иран тілінен енген -паз жұрнағы (өнерпаз, аспаз), күрделі құрылымды -ымпаз, -імпаз, -мпаз (жасампаз, білімпаз), шектеулі қолданылатын -и (мәдени, әскери, тарихи), мінез-құлық ерекшелігін білдіретін -қой (әзілқой, сәнқой), машықтық мағына беретін -қор (қамқор, мансапқор) жұрнақтары да осы өнімсіз жұрнақтар қатарына жатады. Жалпы алғанда, аталған жұрнақтардың тілдегі қызметі шектеулі болғанымен, олардың сөзжасамдағы өзіндік орны мен тарихи маңызы айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Інжу-Маржан баспаханасы, 2014. – 290 б.
2. Салқынбай А.Б. Қазақ тілі: Сөздік құрам. Сөзжасам: оқу құралы. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 390 б.
3. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: монография. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 316 б.
4. Қазақ грамматикасы: Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-бас. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
6. Бейсенбай А.Б. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: New Book, 2018. – 188 б.
7. Шоқабәева С.С. Қазіргі қазақ тілі. Сөзжасам: оқу құралы. – Астана: Булатов А.Ж. жеке кәсіпкер, 2023. – 222 б.
8. Е. Ағманов. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. — Алматы: Рауан, 1992. — 240 бет.